

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 414 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2025 жылғы 5 наурыздағы № 275/21 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 295/22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.04.2025 № 295/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 414 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 201859 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында 1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) Тайынша қаласы, "Жеңіс" қалалық саябағы, Шоқан Уәлиханов көшесі. Шекті толу нормасы - 200 адам;"

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында 1-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Тайынша қаласы, жүру бағыты "Достық" орталық алаңынан Қазақстан Конституциясы, Мағжан Жұмабаев, Шоқан Уәлиханов көшелері бойынша " Жеңіс" қалалық саябағына дейін. Шекті толу нормасы - 200 адам. Жүру бағытының ұзындығы 4,3 километр."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының
төрағасы*

С. Бекшенов